

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық орталығының
аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты,
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық
жұмыс тобының мүшесі

Жаңа әліпби: орфоэпияны меңгертудің маңыздылығы

Кез келген тілдің емле ережесі түзілу барысында белгілі бір тілтанымдық принциптерге негізделетіні белгілі. Қазіргі латын графикасына негізделген қазақ тілінің емле ережесі дыбыстардың мағына ажырататын реңкін таңбалайтын фонематикалық принципті басшылыққа алып отыр. Күрделі сөздерді таңбалауда морфологиялық принцип, шеттілдік сөздерді қазақ тілінің дыбыстық әуезіне икемдеу үшін фонетикалық принциптер де қамтылған. Дегенмен тілдегі кейбір орфограммасы күрделі сөздер латын әліпбиімен орфографиялауда қиындық тудырып жатқаны жасырын емес. Мәселен, бүгінгі таңда тілтанушылардың арасында ғылыми пікірталасқа айналған **и, у** графемаларының дыбыстық құрамы мен оларды латын әріптермен орфограммалау жайында бірқатар мақалалар жазылып, түрлі пікірлер де айтылып келеді. Кейбір тілтанушылар **и, у**-ды таратып жазуды ұсынса, кейбіреулері бір ғана таңбамен беруді жөн көреді. Профессор Ә.Жүнісбек: «... туралы, сияқты тәрізді сөздер болашақ латын жазуында қос таңбамен *тұралы, сыйақты* өрнектелуі керек. Бұл жүйе арқылы қазақ тілінің буын, тасымал, морфемдік желісін сақтаймыз», – дейді. Ал профессор Н.Уәли: «Жазуды фонетикалық транскрипцияға айналдырмау керек. Жазуда негізгі реңк қана хатқа түседі және жазуда экономия болу шарт», – деп көрсетеді. Ғалым Қ. Күдерінова: «Қосар әріп орнына дара жазып, үнемдеу принципіне сай келсек, екіншіден, **и, у** таңбалары сөздің айтылу жүйесіне кереғар болған жоқ, сондықтан латын әліпбиіне көшкенде де өзгертуді қажет етпейтін ережелер қатарынан табылуы тиіс, – деген пікірге келеді.

Әрине, қосар әріпке арнайы бір таңба арнап жазу – көзшалымға да, жазғанға да қолайлы. Мәселен, *жуу* сөзін таратып жазатын болсақ, қазіргі жаңа латын графикасы бойынша былайша көрініс табады екен: *juúuú*.

Бұл мәселеде орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтарды ескеру қажет болар. Емле ережеде бір таңбамен белгіленген **и, у** әріптерінің дыбыстық құрамын меңгертуде басымдылық беру керек. Себебі қазіргі оқыту әдістемесінде қазақтың төл сөздерін қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына сәйкес меңгерту әдістемелері кемшін түсіп жататыны байқалады. Оны өзгетілді оқушылар мен студенттердің **и, у** таңбаларымен келетін сөздерді айтылуы бойынша емес, жазылуы бойынша оқитындарынан аңғарып жатамыз. Мысалы, *оқыйды* емес, *оқиды, тоқыйды* емес, *тоқиды*. Сөздеріміз қалай жазылса, солай оқу дағдысы қарқын алып бара жатыр. Сондықтан **и, у** сөздерінің дыбыстық құрамын меңгертуде қазақ тілінің артикуляциялық нормасын бұзбай оқыту мен айтқызуды ескеру қажет.

Сондай-ақ, жуырда Ш.Шаяхметов атындағы ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласындағы қанатқақты (пилоттық) мектептер мен колледждерде латыннегізді емле ережеге негізделген сынама сабақтары жүргізілді. Сабақ барысында оқушылардың жекелеген сөздерді, мәтіндерді оқытуда орфография мен орфоэпия заңдылықтарын шатастырып, айыра алмайтындары байқалды. Бұл тек *и* мен *у* әріптерімен келетін сөздерге ғана қатысты емес, оқушылардың үндесіммен, үйлесіммен, дұрыс екпінмен айтуды қажет ететін басқа да төл сөздерімізді өз мәнінде дыбыстай алмауы алаңдатты. Мысалы, *орұн* деудің орнына *орын*, *бүгүн* деудің орына *бүгін*, *кітәп* деудің орнына *кітап* т.б. Сондай-ақ, оқушылардың *ш*, *ж* мен *й*-дің аралығында келетін *а* әрпін айтуда *ә* дыбысымен [шәй], [жәй], [жәйлау] емес, жазылуы (*шай*, *жай*, *жайлау*) бойынша оқитындар да аз болмады. Осылайша бірізді үндесіммен дыбысталмайтын төл сөздеріміздің ауызша ұлттық тілдің нормасынан алшақтап бара жатқаны өкінішті жайт.

Сірә, бұның бір себебін қазақ тілі білімінде орфография мен орфоэпия заңдылықтарының бір жүйеге келмей жатқандығынан іздеуіміз қажет болар. Екіншіден, бастауыш сыныптарынан бастап жоғары сыныптарына дейінгі оқу бағдарламаларында орфоэпия мәселесіне басымдылық бермегендігінен болар. Содан оқулықтар мен нұсқаулықтарда орфоэпияны меңгерту қамтылмай жатқандығынан болар. Сондықтан бүгінгі оқушыға ауызша кодтағы орфоэпиялық заңдылықтарды баса назар сала отырып меңгертуді қажет ететін маңызды мәселе екенін атап өткен жөн. Орфоэпиядағы үйлесімсізділік бүгінгі радио мен теледидардан хабар жүргізетін дикторлар мен журналист-тілшілердің сөйлеу тілінде де кездесетінін академик Р.Сыздықованың мақалаларында сөз болды. Осымен байланысты академиктің ерекше атап өтетін «Сөз сазы» атты еңбегі арналған. Жазу мен дыбыстаудың ара қатынасы жайында, тіл мәдениеті үшін айрықша орын алатыны жайында профессор Н. Уәлидің еңбектерінде де айтылып жүр. Осындай орфоэпиялық ережелерге негізделген ғылыми еңбектердегі қағидаттарды ескере отырып, оқу бағдарламаларына енгізіп, сағат санын көбейту қажет.

Ал енді латын графикасына көшу барысында кейбір таңбаларды орфографиялаудағы проблемалар орфоэпиялық заңдылықтарды бір жүйеге келтіруді талап етеді:

біріншіден, орфоэпияның ғылыми-әдістемелік негіздемелерін айқындау;

екіншіден, қазіргі әдеби тілдің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларын толық көрсетуге арналған нормативті құралдарды (орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктерді) қатар беру. Бұл бүгінгі оқырманның сөздікті пайдалануына ыңғайлы әрі қолайлы болады.

үшіншіден, орфоэпия ережелеріне қатысты теориялық-практикалық негіздемелерін оқу бағдарламаларына енгізуде басымдық беру;

төртіншіден, қазақ тілі пәні бойынша әр сыныптың оқу кешендеріне бекітілген лексикалық минимумдарының орфографиялық және орфоэпиялық нормаларын қатар енгізіп меңгерту;

бесіншіден, оқушылардың орфоэпиялық білік пен дағдысын қалыптастырудың әдістемесін жетілдіру.

Қорыта келгенде, ұлттық тіліміздің өміршеңдігі мен дыбыстық қорының сақталуы төл сөздерімізді бірыңғай үндесіммен, үйлесіммен дыбыстатып меңгертумен тығыз байланысты екенін ескеруіміз қажет.

Т.В.К.К.